АТЫРАУ ИНЖЕНЕРЛІК - ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ
АТЫРАУСКИЙ ИНЖЕНЕРНО-ГУМАНИТАРНЫЙ ИНСТИТУТ
ATYRAU ENGINEERING – HUMANITARIAN INSTITUTE

БЕКІТЕМІН
Институт ректоры
Ихсанов Е.У.
«__» _____ 2015 ж

5В030400 – «КЕДЕН ІСІ» МАМАНДЫҒЫНЫҢ МОДУЛЬДІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

МОДУЛЬНАЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА СПЕЦИАЛЬНОСТЬ 5В030400 – «ТАМОЖЕННОЕ ДЕЛО»

MODULAR EDUCATIONAL PROGRAM SPECIALITY 5B030400- «CUSTOMS BUSINESS»

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ДЕҢГЕЙІ: **БАКАЛАВРИАТ**

Атырау, 2015

Білім беру бағдарламасы отырыста **талқыланып, бекітуге ұсынылды:**

Институттың ОӘК

Хаттама № 2 "23" 10 2015 ж.

ОӘК төрайымы _____ э.ғ.к. Сүлейменова Ж.У.
(қолы) (Т.А.Ж.)

«Экономика және кеден ісі» кафедрасы отырысында
Хаттама № 2 "12" 10 2015 ж.

Кафедра меңгерушісі _____ э.ғ.к. Молдашева А.К.
(қолы) (Т.А.Ж.)

Дайындағандар, сарапшылар:

Тегі, аты-жөні	Ғылыми дәрежесі	Ғылыми атағы	Қызметі
Молдашева А.К.	э.ғ.к.	доцент	кафедра меңгерушісі
Хасанова Ж.С.	п.ғ.д.	профессор	оқу- тәрбие жұмысы жөніндегі ректордың кеңесшісі
Гугельбаева А.Т.		магистр	аға оқытушы
Сағынов М.А.			аға оқытушы

1. Білім беру бағдарламасының төлқұжаты

Аталған білім беру бағдарламасын бітірушіге 5В030400 – Кеден ісі мамандығы бойынша «Құқық» бакалавры академиялық дәрежесі беріледі.

Кеден ісін құқықтық қамтамасыз ету бакалаврлары аумағына қарай мынадай келесі ***кілт құзыреттіліктерді*** қамтиды:

1) *ана тілі (қазақ/орыс тілдері)*

Әртүрлі ақпараттық жүйелердегі бастпақы деректермен жұмыс жасауға қабілетті; құжаттармен және техникалық әдебиеттермен жұмыс жасау, түсінікті айта білу, ойлау, сезім, жазбаша және ауызша формада пәндік ауқымдағы фактілер мен пікірлер, түрлі экономикалық сұрақтарды оқып түсінуге қабілетті, кәсіби әдебиеттер, экономика саласындағы жаңалықтардан қалыс қалмау, сондай-ақ, сабақ уақытында, үйде, жұмыста барлық түрдегі қоғамдық және мәдени мәнмәтінде лингвистикалық тұрғыда сайма сай келетін кейіпке бірлесіп қызмет жасау.

2) *шетел тілдері*

негізгі байланыс дағдыларын ағылшын тілінде игеру: түсінуге, түсінікті талқылап, түсіндіруге, экономикалық терминдер, ойлар, сезім, фактілер мен пікірлерді ауызша формада да жазбаша формада да меңгеру. Техникалық құжаттарды оқуға, ағылшын тілінде әдебиеттерді қолдануға және шетел тілдерін үйреніп, жетілдіруге қабілетті.

3) *түбегейлі математикалық, техникалық және жаратылыстану- ғылыми дайындық*

Күнделікті жағдайларда математикалық ойлау қабілетін өндірістік тапсырмаларды шешуде қолдану және дамытуға қабілетті; математикалық ойлау қабілетін пайдалану (логика) және презентациялар (формулалар, үлгілер, графигтер, кестелер), білімнің негізі мен әдістемесін пайдалануға қабілетті, кәсіби тапсырмаларды шешуде негізгі теориялық білімді қолдана білу. Кез келген кәсіпорынның қаржысын басқаруда терең білім алуға қабілетті, экономикалық талдауда кәсіби дағдылану, экономика- математикалық модельдеу әдістері мен заманауи ақпараттық технологиялар негізінде қаржы институттары мен әртүрлі коммерциялық ұйымдарды басқару.

4) *компьютерлік дайындық*

Жұмыс барысында, байланыста заманауи ақпараттық технологияларды пайдалануға қабылетті, қайта жасау үшін компьютерді пайдалану дағдысы, баға, сақтау, өндіріс, ақпараттармен айырбас және көрме, арнайы мамандандырылған жазбалардың көмегімен үлгілерді оқу, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасау.

5) *оқу дайындығы*

Жоғарыбілімді тұлға қалыптастыруда компьютерлік базалық білім алуды қамтамасыз ету, экономика және басқару аймағындағы жаңа технологиялар мен әдістерді меңгеруге қабілетті, күнделікті кәсіби қызметінде және магистратурада білімін жалғастыруға қажет жаңа білім алуға дағдылану.

6) *әлеуметтік дайындық*

Іскерлік әңгімелер жүргізуге қабілетті, ұжымда тілтабыса білу, сөйлесу, ортаға сіңу қабылеті бар, шиеленісті алдын алу және шешу қабілеті, келісімге бару қабілеті, өз пікірін ұжыммен де санаса білу, жұмыс тәртібін ескеру.

7) *экономикалық кәсіпкерлік дайындық*

Негізгі экономикалық білімді игеру, менеджмент, маркетинг, қаржы және т.б. салалар аумағында ғылыми көзқарас болу, экономиканы мемлекеттік реттеудің әдістерін және мақсатын түсіну және білу, экономикадағы мемлекеттік сектор рөлі, ойын істе қолдана білу қабілеті, кәсіби тапсырмаға қол жеткізу мақсатында жобаларды болжау және басқару, тапсырыс берушінің талабын талдап білу, коммерциялық ұсыныстарды қалыптастыра білу, Қазақстан Республикасының заңнамалық, құқықтық – нормативтік құжаттарының негізін білу, қоғамның әлеуметтік даму үрдісін білу.

8) *мәдени дайындық*

Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрін білу, салт- дәстүрге, мәдениетке, өзге елдің мәдениетіне толерантты қарау, толерантты тұлға ретінде қалыптасқан, өзге ұлттың мәдениетін сыйлай біледі, түсінеді.

9) *жалпы құзыреттілік*

Жұмыс барысында қызығушылық танытқан жақтың нәтижесіне арналған қажетті құжаттармен дағдылану, компьютерлік жүйе орнату және тесттен өткізу, ойлап табу қабілеті бар: бір мәселеден екінші мәселеге оңай өте алатын, жаңа ойларды алға тартып отыратын, мәселенің шешімін таба білетін, жеке өмірлік ұстанымы бар, топта алда болу, топта, ұжымда жұмыс жасай білетін, өзінің жеке пікірі бар. «Құқық» бакалавры:

- кеден ынтымақтастығы мен мемлекеттік ішкі экономикалық қызметіне байланысты туындайтын халықаралық құқық қағидаларын білуі;
- ҚР Конституциясын білу; ҚР шаруашылық үдерістерін және халықаралық қатынастарды реттеуші заңдық нормаларды, нақты субъект пен қоғам, адам мен қоршаған орта арасындағы ара-қатынасты реттеуші құқықтық және этикалық норманы білу; гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық ғылымның басты даму бағыттарын білу; кәсіпорын саясатын жасау және негіздеуде бухгалтерлік есеп негіздерін, салық салу және аудит, қаржылық есеп пен басқару есебінің принциптерін білу;

- кәсіби және әлеуметтік қызметте білімі мен дағдыларын пайдалана білу; кәсіби міндеттерді жүзеге асыруда тапсырмаларды тұжырымдау және мақсаттар қоя білу; типтік және бейстандарт тапсырмалардың шешімін таба білу, талдамалы ыңғайды талап ететін қызметте дербес жұмыс жасай білу; тәжірибелік қызметте бухгалтерлік есеп негіздері, аудит және салық салудағы білімін пайдалана білу, бухгалтерлік есептегі шамаларды тіркеу және өңдеу; бастапқы бухгалтерлік ақпараттарды оқу, тексеру және өңдеу; шаруашылық операцияларды есепте көрсетуде бухгалтерлік шоттарды корреспонденциялау; қаржы - экономика саласындағы мерзімі жеткен мәселені және негізгі көріністің мәнін түсіну; атқарушылардың жұмысын ұйымдастыра білу;

- кәсіптік қызметте пайдаланылатын ақпараттарды сақтау мен өңдеу және компьютерлік жинақтауды жүргізу технологиясы мен техникасын меңгеру, қаржы - экономика саласындағы тәжірибелік жұмысты, банктік және сақтандыру ісінде, тұрақты өзгеріп отыратын экономикалық конъюктура жағдайында қаржы-бюджет сферасында, салық салу, қор және валюталық нарыққа дағдылана білу керек.

- сауда – экономикалық тенденциялардың дамуын үнемі қадағалау;
- мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар қызметінде заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету;
- құқықты қолдану актілерін жүзеге асыруды қамтамасыз етуі;
- заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз етуі, кәсіби қызмет саласында құқықтық насихат пен құқықтық тәрбиені жүзеге асыруы тиіс.
- кеден заңдарын еркін меңгеріп, түсіну;
- ҚР кеден органдары қызметі маңызды рөлі атқаратындығын түсіну;
- кеден құқығы ғылымының рөлін түсіну;
- кедендік рәсімдеу мен кедендік бақылау үрдісіне жаңа ақпараттық технологиялар енгізіп, оның теориялық сұрақтары жөнінде мағлұматтарды білу;
- кедендік бақылау және кедендік рәсімдеу саласы бойынша кеден заңдарын қолдану сұрақтарына байланысты кешенді білімі болуы қажет;
- тауарларды кодтап және жіктеудің теориялық, тәжірибелік аспектілері жөнінде түсінік болу;
- ішкі экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының негізгі ережелерін білу;
- тауар кодтарын дұрыс анықтау үшін жаңалықтарды игеру;
- қазақтандық кеден ісінің дамуы бойынша туындаған мәселелерді талдай білу;

- кеден органдарымен кеден төлемдерін жинаудың табиғаты және тәртібі туралы түсініктің болуы;
- тауарлар мен көлік құралдарының кедендік құнын анықтай алу;
- іс- жүргізудің міндеттерін нәтижелі шешу үшін дәлелдемелер жүйесінің теориялық негізін және тәжірибелік маңыздылығын білу;
- азаматтық – құқықтық, еңбектік, қаржылық, жерге байланысты, іс жүргізушілік және басқа да құқықтық қатынастары саласындағы теориялық және тәжірибелік сипаттағы заңдық мәселелерді талдап, оларды шеше алу;
- мемлекеттік – құқықтық құбылыстардың экономикамен, дінмен байланысын және оның негізінде пайда болатын мемлекеттік және құқық мәселелерін түсіну;

1.1 Қолдану саласы

Модульдік білім беру бағдарламасы Атырау инженерлік гуманитарлық институтында 5В030400 «Кеден ісі» мамандығы бойынша білім мазмұнына және бакалаврларды даярлық деңгейіне қойылатын талаптарды белгілейді.

1.2 Нормативтік сілтемелер

Осы ББ ҚР заңнамалық акті мен ҚР БҒМ нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес:
- ҚР «Білім туралы» заңы 27.07.2007ж. № 319-III өзг. мен қосымша;
- 23 тамыз 2012 ж. № 1080 ҚР Үкіметі қаулысымен бекітілген «Жоғары оқу орнының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты»;
- ҚР БҒМ 20.04.2011 ж. № 152 бұйрығы. «Кредиттік технология бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі»;
- Жоғары оқу орнынан кейінгі және жоғарғы мамандықтар классификаторы;
- Жоғары оқу орнынан кейінгі және жоғарғы мамандықтар классификатор қағидасы;
- ҚР БҒМ бұйрығымен бекітілген 5В030400 «Кеден ісі» мамандығының типтік жоспары.

1.3 5В030400-«Кеден ісі» мамандығы бойынша модульдік білім беру бағдарламасы түлектерінің кәсіби қызметінің сипаттамасы

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтарының классификаторы тұжырымдамасына сәйкес, осы білім беру бағдарламасын табысты меңгерген түлектерге «Құқық» бакалавры академиялық дәрежесі беріледі.

Кеден ісі мамандығы бойынша бакалаврлар ҚР ЕХӘҚ Министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы "№ 201-ө-м бұйрығымен бекітілген басшылардың, мамандардың және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығының біліктілік талаптарына сәйкес кеден жүйесіндегі маман,қаржы және салық органдарының маманы,сыртқы экономикалық қызметпен айналысатын фирмалар мен кәсіпорындарда, брокерлік конторларда кеңесші маман қызметтерімен айналыса алады.

1.3.1 5В030400-«Кеден ісі» мамандығын бітірушінің кәсіптік қызметі саласы

Кеден органдары, салық қызметі, қаржылық бақылау, мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру, қазынашылық, дәрменсіз борышқорлармен жұмыс істеу, қаржы полициясы, ішкі істер, прокуратура, ҰҚК, орталық және жергілікті мемлекеттік органдары, білім беру жүйесі.

1.3.2 5В030400-«Кеден ісі» мамандығы бітірушісінің кәсіптік қызметінің нысаны

- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті мен оның аймақтық бөлімшелері;
- құқық қорғау органдары;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүйесі және оның аймақтық бөлімшелері;

- Экономикалық және сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтармен күрес жүргізубойынша агенттігі;
- ҚР Мемлекеттік қызмет агенттігі;
- орта және орта кәсіби оқу орындарында құқық негіздерінен мұғалім;
- сауда- өнеркәсіп палаталары.

1.3.3 Кәсіби қызметінің пәні:

- Әкімшілік, кеденік, салықтық, қылмыстық, қылмыстық іс жүргізушілік, қаржылық, сақтандыру құқығы және басқа да салаларды қоса алғанда көпшілік-құқықтық пәндер бойынша кәсіби білімдерді тәжірибелік жұмыста қолдану;
- жеке – құқықтық пәндер бойынша;
- азаматтық, халықаралық – жеке, кәсіптік, азаматтық іс жүргізушілік және басқа да салаларын қоса алғанда.

1.3.4 Кәсіби қызметтің түрлері:

5В030400 –«Кеден ісі» мамандығы жөніндегі бакалаврлар кәсіби қызметтің мынадай түрлерін орындай алады:

- Кеден ісі саласында азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қамтамасыз ету;
- Экономикалық дамуын ынталандыру, ҚР экономикалық мүдделерін қорғау;
- Мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін қамтамасыз ету мақсатында кеден ісі саласындағы салықтар мен басқа да төлемдерді алу;
- Тарифтік және тарифтік емес реттеулер;
- Нәтижелі кедендік бақылауды ұйымдастыру;
- Кәсіптік қызметті қорғау және қолдау;
- Әрекет етуші заңдылықтарға сәйкес кедендік рәсімдерді қамтамасыз ету;
- Заңдарды бірегейлі сақтау, заң алдында жеке және заңды тұлғалардың теңдігі қағидалары негізінде кәсіптік қызметті жүзеге асыру;
- Кедендік статистиканы және іс жүргізуді жүзеге асыру.

1.3.5 Кәсіби қызметінің функциясы

- кеден ісі саласында азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қамтамасыз ету;
- экономиканың дамуын ынталандыру, ҚР экономикалық мүдделерін қорғау;
- мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін қамтамасыз ету мақсатында кеден ісі саласындағы салықтар мен басқа да төлемдерді алу;
- тарифтік және тарифтік емес реттеулер;
- нәтижелі кедендік бақылауды ұйымдастыру;

- кәсіптік қызметті қорғау және қолдау;
- әрекет етуші заңдылықтарға сәйкес кедендік рәсімдеуді қамтамасыз ету;
- заңдарды бірегейлі сақтау, заң алдында жеке және заңды тұлғалардың теңдігі қағидалары негізінде кәсіптік қызметті жүзеге асыру.

1.4 Модульдік білім берудің негізгі жалпы ұлттық мақсаттары

1.4.1 МББ мақсаттары

1 МАҚСАТ: Қазақстан Республикасында нарықтық экономикалы, құқықтық және демократиялық мемлекет құруда, сыртқы экономикалық қатынастардың дамуының қазіргі жағдайында кеден ісі саласында қажетті құзырет деңгейіне ие мамандарды дайындаудың өткір қажеттілігі туып отыр.

2 МАҚСАТ: Кеден ісі бойынша кәсіби маман дайындауға мынадай пәндердің міндетті циклі кіреді: жалпы білім беру пәндер циклі,яғни, қазақстан тарихы, әлеуметтану, философия, саясаттану, мәдениеттану, дінтану және сыбай лас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері. Сондай-ақ, кәсіптендіру пәндер циклі, яғни, Қазақстан республикасының конституциялық құқығы, мемлекет және құқық теориясы, Қазақстан республикасының әкімшілік құқығы, Қазақстан республикасының азаматтық құқығы, Қазақстан республикасының қылмыстық құқығы, Қазақстан республикасының кеден құқығы.

3 МАҚСАТ: Жалпы білім беру пәндері циклы жеке тұлғаның үйлесімді және жан- жақты дамуына бағышталады.

4 МАҚСАТ: Базалық пәндер циклының мақсаты қажетті кәсіптік білім, дағдылар мен біліктілікті табысты игеріп және түсіну үшін қажетті негіздерді қалыптастыру болып табылады.

5 МАҚСАТ: Кәсіптендіру пәндері циклы мамандық бойынша дағдылар мен біліктілікке ие болуды және кәсіби даярлықты тереңдетуге бағышталған.

I.5 ББ қамтамасыздандыру

Интеллектуалды ресурстар (ПОҚ)

«Экономика және кеден ісі» кафедрасы лицензияланған білім беру қызметінің біліктілік талаптарына сай, толық білімді, қазіргі заманғы жаңа білім берудің әдіс-тәсілдерін білетін профессор-оқытушылар құрамынан тұрады. Бағдарламаны жүзеге асыру үшін біліктілігі мен құзыреттілігі ББ мақсатына сәйкес келетін және студенттерге жеткілікті білім бере алатын оқытушылар ғана жүзеге асыра алады. Барлық оқытушылардың мамандық бойынша магистр дәрежесі мен ғылым кандидаты екендігін растайтын жоғары білімді дипломдары бар. Бағдарламаны жүзеге асыратын оқытушының даму потенциалы білім беру, ғылыми және инновациялық қызметті жетілдіру мен өзін өзі дамыту жұмыстарын интегралдауда көрінеді. Оқытушының жеке жұмыс жоспарында студенттің білімі мен құзыреттілігінің, шығармашылық қабілетінің дамуын қалыптастыруға бағытталған оқу-әдістемелік, ғылыми, оқу-ұйымдық сипаттағы жұмыстары көрсетіледі. Бағдарламада қарастырылған мақсаттар бойынша оқу нәтижесіне қол жеткізу үшін, оқытушының құзыреттілік деңгейі оқыту әдісінде оқу курсының мазмұнын тиімді ашуда және студенттің білімі мен құзыреттілігін жетілдіру үшін қажетті. Оқу жұмыс бағдарламасында (Силлабус) пәнді оқыту барысында меңгеретін құзыреттіліктер көрсетілген. Оқу барысында оқытушылар институттың кітапхана қорындағы оқу- әдістемелік материалдарды пайдаланады. Кафедра оқытушылары оқу курстарына арналған институт мақұлдаған оқыту әдісін жақсы меңгерген, сондай-ақ, практикалық жұмыстар бойынша тәжірибелі. Оған дәлелдер ашық сабақ материалдары, ОӘК отырысының хаттамалары. Кафедрада арнайы курстар мен дәріс оқуға басқа оқу мекемелерінен тәжірибе алмасу, шеберлік- сынаптар жүргізу, білікті мамандар дайындау мақсатында профессорлар мен оқытушылар тәжірибе алмасып отырады. Оқытушылар қолданатын оқыту технологиясы бағдарламаны жүзеге асыруда күтілген нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді: күндіз және қашықтықтан оқыту, оқытудың айрықша түрлерін игеруді тиімділігін арттыру, өзіндік жұмыстарды өткізу, курстық жұмыстарды орындау (жоба), тәжірибе жұмыстарының жетекшілігін өткізу, студенттердің білімі мен құзыреттілігін бақылау формалары, дипломдық жұмыс.

Оқу процесінде оқыту әдістерін қолдану оқу курсының мазмұнын тиімді ашуға, сондай-ақ, күндізгі және қашықтықтан оқыту формасы бойынша білім беруді жүзеге асыруда күтілген нәтижеге қол жеткізуге зор ықпалын тигізеді.

Материалдық ресурстар (материалды-техникалық база)

5В030400-«Кеден ісі» мамандығы оқу процесі мамандандырылған кабинетпен, тәжірибелік кабинеттермен, компьютерлік класпен және мультимедиялық аудиториялармен жабдықталған.

2012 жылдан бері желіге қосылу жылдамдығы 8 Мбит/с көтерілді, оның КазРЕНА 8 Мбит/с және «Қазақтелеком» АҚ 4 Мбит/с.

2012 жылдан бастап Lotus Notes электронды құжаты қосылып, «PLATONUS» автоматтандырылған жүйесі іске қосылды.

Білім беру ресурстары (оқу-әдістемелік қамтамасыз ету)

Оқу процесінде қолданылатын барлық оқулықтардың сапасы, оқу құралдары, жаттықтыру сабақтары мен басқа да әдістемелік материалдар, бағдарламаны меңгеруде күтілетін нәтижелерге сәйкес келеді. Оқу процесінде қолданылатын оқу-әдістемелік кешеннің (ОӘК) сапасы оқу материалын үйренуде қамтамасыз етіледі: жалпылама түйіннің болуымен; бақылау сұрақтары мен тапсырмаларының болуымен, оның ішінде тест сұрақтары; жазбаша жұмыстарды орындауда қосымша әдебиеттердің бары. Пәннің оқу-әдістемелік кешені оқу процесін ұйымдастырудағы ақпараттың барлық керекті бірыңғай формалы құрылысын қамтиды.

«Платонус» бағдарламасы арқылы әрбір студент кез-келген мамандық бойынша оқу- әдістемелік материалдарды қарай алады.

Институт кітапханасында негізгі және қосымша әдебиеттерден құралған оқулықтар мен оқу құралдары, сондай-ақ, отандық және шетел журналдары бар.

Бағдарламамен ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттер, күтілетін нәтижеге жетуде жеткілікті болып табылады.

Барлық студенттер оқу курстарында қарастырылған кітапхана қорына, лабораториялық жаттықтыру сабақтарына, тәжірибе сабақтарына және ақпараттық базаға кіруге мүмкіндіктері бар.

2. Білім беру бағдарламасының мазмұны

Модуль атауы	Оқытудан күтілетін нәтиже	Көлемі		семестр	Модуль компоненттері							Қалыптасатын құзыреттілік
		KZ	ECTS		пән коды	Модульдегі атаулар (пән, семинар)	Пән циклі (ООД, БД, ПД)	Топ (A,B, C)	ОК/КВ	Кредит саны	Бақылау формасы	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
ОМ- 1 Әлеуметтік этникалық- құзырет модулі												
Әлеуметтік этикалық құзыреттілік модулі	*Түсінуі тиіс: Қазақстан территориясында ежелден бергі негізгі тарихи процесстерді,* гуманитарлық пәндердің мәні мен мазмұнын, мемлекетке қатысты негізгі түсініктерді. *Білуі тиіс:отандық тпарихтың даму динамикасын,тарихтың жалпы жүру барысын,*халықтың салт дәстүрі мен мәдениетін, гуманитарлық пәндердің теориясы мен заңнамаларын. *Жасап білуі тиіс: тарихи шараларды салыстырмалы талдау негізінде есте сақтау, Дағдылану:тарихи шараларды және заманауи саяси ортаны талдау, кәсіби салада әлеуметтік әдістерді қолдану. Құзыреттілік: тарихи шараларды болжау және*	16	25	і	ІК 1101	**Қазақстан тарихы** Кіріспе. Курстың мақсаты мен міндеттері. Ежелгі Қазақстан. Адамдардың алғашқы қауымдастығы. Тұрмыс-тіршілігі (б.з.б. 2,5 млн. -12 м.ж. – VI г. дейін). Алғашқы мемлекеттік бірлестіктер. Саяси билік және әлеуметтік қатынастар. Мәдениеті, жазуы. Аймақтағы ислам. Қазақ халқының этногенезі. Орта ғасырлардағы Қазақстан. (VI- XV гг.).VI-IX ғасырлардағы ерте ортағасырлық мемлекеттер. Түрік қағанаты: құрылуы мен күйреуі. IX- XV ғасырлардағы дамыған ортағасырлық мемлекеттер. Алтын Орда, Ақ Орда, Моғолстан, Ноғай Ордасы. Қазақ хандығы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы. Әлеуметтік-экономикалық тарихы (XV г. ортасы –XVIII ғ. І-жартысына дейін).Қазақ хандығының құлдырау себептері. Отарлық кезеңдегі Қазақстан (XVIII ғ. 30-40 жж. -XIX ғ. 60 ж.) Қазақстанды отарлау кезеңдері. Ресейлік әскери бекіністердің салынуы. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ қоғамындағы өзгерістер.Отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық қозғалыстар. Қазақ хандығын қалпына келтіру үшін күрес және Кенесары Қасымұлы. Реесй империясы құрамындағы Қазақстан (XIX ғ. 60-70 жж.- XX г. басы). Өлкенің экономикасы мен мәдениеті. Қалалар құрылысы. XX ғасырдың басындағы Қазақстан. Тұргындардың көпұлтты құрамының қалыптасуы. Қазақстаның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Көпұлтты Қазақстанның қалыптасуы. 1917 жылгы Ресейдегі революциялар. Жана заманның басталуы. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан (ақпан-қазан 1917 ж. – тамыз 1991 ж.). 1917 жылғы ақпан революциясы және Қазақстан. Алаш қозғалысы.Қазан төңкерісі және Қазақстанда кеңестік биліктің орнауы. Әміршіл-әкімшіл жүйенің қалыптасуы. Индустрияландыру және ауыл шаруашылығын	ЖМП	В	МК	3	МЕ	зәлеуметтік этикалық құндылықтарды білу, мәдениетін, дінін, тілін, салт дәстүрін, әдет ғұрпын білу, іскерлік этиканың талаптарын сақтау, Қазақстан халқының мәдениеті мен салт дәстүрін білу. Салт дәстүрге толеранттылықпен қарау, құқықтық жүйелер мен заңнамасының негізін білу, қоғамның әлеуметтік даму тенденциясын білу.

саяси ортаның даму тенденцияларын құрау.					ұжымдаетыру. Ашаршылық. Репрессиялар. Әлеуметтік-демографиялық зардаптары. Екінші дүние жүзілік және Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан. Соғыстан кейінгі даму. Жүйені жұмсарту әрекеттері. Тың және тынайған жерлерді игеру. Қайта құру жылдарындағы Қазақстан (1985-1991 жж.). Дағдарыстың күшеюі және әміршіл-әкімшіл жүйенің күйреуі. КСРО-ның ыдырауы. Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Ел тарихындағы бетбұрысты кезең (желтоқсан 1991 ж. – бүгінге дейін). Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін жариялау. Қазақстан тарихындағы «қазіргі кезең» ұғымы. Мемлекеттік құрылыс. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту. Саяси жаңғырту. Сыртқы саясат Қазақстан - халықаралық қатынастар жүйесінде. Білім беру жүйесі, спорт және мәдениет.					
		1	Soc 1102	**Әлеуметтану** Әлеуметтану ғылым ретінде. Әлеуметтанулық ғылымның қалыптасу және даму тарихы. Қазіргі әлеуметтанулық теориялар. Әлеуметтанулық теориялар әдіснамасы. Әлеуметтанулық ақпараттарды жинау әдістері. Қоғам және әлеуметтік өзара әрекеттер.Әлеуметтік топтар, ұйымдар және институттар Тұлғаның әлеуметтенуі.Әлеуметтік теңсіздік және әлеуметтік стратификация.Мәдениет және қоғам. Отбасы және гендер әлеуметтануы.Жастар әлеуметтануы.Девиантты мінез құлық әлеуметтануы.Еңбек және экономикалық өмір әлеуметтануы. Білім және бұқаралық ақпарат құралдары.	ЖМП	В	МК	2	Е
		4	Pol 2103	**Саясаттану** Кіріспе. Саяеаттану ғылым және оқу пәні ретінде. Өркениет тарихындағы саяси білімнің дамуының негізгі кезеңдері. Саясат қоғамдық өмір құрылымында. Билік саяси феномен ретінде. Саясат субъектілері. Заманауи саяси жүйелер. Саяси режимдер. Сайлаулар мен сайлау жүйелері. Мемлекет және азаматтық қоғам. Саяси партиялар мен партиялық жүйелер, қоғамдық-саяси қозғалыстар және ұйымдар. Саяси даму мен модернизация. Саясаттағы конфликттік және дағдарыстық жағдайлар. Саяси мәдениет пен саяси идеология. Әлемдік саясат және қазіргі заманғы халықаралық қатынастар. Халықаралық қатынастар жүйесіндегі Егеменді Қазақстан. Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының негізгі басымдықтары. 2050 жылға дейінгі Қазақстанның даму стратегиясы.	ЖМП	В	МК	2	Е
		4	Fil 2104	**Философия** Философияның пәні, мақсаты және қызметтері. Ежелгі дүние философиясы. Қазақтардың алдыңғы философиясы. Ежелгі Шығыс философиясы. Антика философиясы. Ортағасырлық Шығыс және Батыс философиясы. Қайта Өркендеу дәуірі	ЖМП	В	МК	3	Е

						философиясы. Жаңа Дәуір философиясы. XVIII ғасырдағы Европаның Ағартушылық философиясы. Классикалық неміс философиясы. XVIII ғ.соны – XXI ғ. басындағы философия. Қазақ философиясы. Болмыс – онтологияның орталық категориясы. Даму принципі: диалектика және синергетика. Танымның мүмкіндіктері мен шекаралары. Ғылыми танымның ерекшеліктері. Философиялық антропология. Әлеуметтік философия. Қазіргі заманның жаһандық мәселелерін философиялық пайымдау.					
				2	KI. 1105/ SP 1105	**Мәдениеттану/Өзін-өзі тану** Мәдениет теориясы. Мәдениет және өркениет. Көне мәдениет пен өркениет. Антик мәдениеті. Ортағасырлық Европа мәдениеті. Батыс Еуропа кезеңіндегі мәдениеттің қалыптасуы мен жаңа кезең. Қазақ мәдениетінің басталуы. Қазақ мәдениетінің XVIII-XX ғғ.	ЖМП	В	ТК	2	Е
				3	RV 1106/ EP 1106	**Дінтану/Этносаясат** Дінтануға кіріспе. Адамзат мәдениетіндегі діннің орны. Дін: тарихи формалары мен қазіргі заман. Буддизм: діни ілім негіздері мен культі. Христиандық: тарихы мен қазіргі кезеңі. Қазіргі әлем мен Қазақстандағы исламның орны мен мәні. Қасиетті жазбалар мәдени ескерткіштері ретінде. Қазіргі дәстүрден тыс діни қозғалыстар мен культтер. Қазіргі діндарлық ерекшеліктері. Дін, мемлекет, саясат.	БП	В	ТК	2	Е
				4	ОАКК 1207	**Сыбайласжемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері/Сыбайласжемқорлыққа қарсы күрес** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңның мақсаты. Негізгі ұғымдар. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық субъектілері. Заңның қолданылу аясы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптері. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жүзеге асырушы органдар. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жәрдемдесетін адамдарға тиісті әлеуметтік кепілдіктері. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықпен және ол үшін жауаптылық. Мемлекеттік функцияларды орындауға үміткер адамдарға және мемлекеттік ұйымдарда, мемлекеттің қатысу үлесі бар ұйымдарда басқару функцияларын орындауға үміткер адамдарға қойылатын арнайы талап. Қаржы бақылау шаралары. Мемлекеттік функцияларды орындаумен ешқыспайтын қызмет. Жақын туыстардың бірге қызмет істеуіне жол бермеу. Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтар және олар үшін жауапкершілік. Игіліктер мен артықшылықтарды заңсыз алуға байланысты сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтар. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды және сыбайлас жемқорлыққа	БП	В	ТК	2	Е

						жағдай туғызатын құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану мерзімдері. Жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамдарға немесе оларға теңестірілген адамдарға заңсыз материалдық сыйақылар бергені үшін жауаптылығы. Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат хабарлаған адамдардың жауаптылығы. Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық нәтижесінде жасалған мәмілелерді жарамсыз деп тану және актілер мен іс-әрекеттердің күшін жою.					
ОМ- 2 Экономикалық және ақпараттық коммуникациялық құзырет модулі											
Экономикалық және ақпараттық басқару құзыреттілік модулі	Жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтамаларды қолданудың міндеттері мен принциптерін; ақпараттық – телекоммуникациялық желілер жұмысының негізгі компоненттері мен принциптерін; ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз студің негізгі қауіптері мен әдістерін; ақпараттық технологияларды және	9	14	1	Inf 1114	**Информатика** Информатиканың негізгі түсініктері. Компьютер архитектурасын кіріспе. Есептердің алгоритмдік шешімдері. Жүйелік бағдарламалық қамтама. Қолданбалы бағдарламалық қамтама. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар. Ақпараттық қауіпсіздік негіздері. Кәсіби салада ақпараттық технологияларды қолдану. Информатиканың дамуының келешектегі даму бағыттары.	ЖМП	В	МК	3	Е
				2	OBZh 1111	**Өмір қауіпсіздік негіздері** Тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің ұйымдастырушы және теориялық негіздері. Төтенше жағдайлар. Адам мекендейтін ортаның қауіптіліктері. Тұрғындарды қорғау. Өнеркәсіптік объектілер жұмысының тұрақтылығы. Зақымдану ошақтарындағы құтқару жұмыстары және басқа қауырт жұмыстар. Халықты қорғау тәсілдері. Өткір сәуле ауруы. Адамдарды санитарлық тазартудан өткізу. Төтенше жағдайлар ахуалында суды және азық- түлікті қорғау. Мал және өсімдік уларымен уланған кезде дәрігер келгенге дейін көмек көрсету.	ЖМП	В	МК	2	Е
				2	EUR 1112	**Экология және тұрақты даму** Экологияның ғылым ретінде анықтау. Экологияның мақсаттары, міндеттері және әдстері. «Тұрақты даму». Экологиялық особьтар – аутэкология. Экологиялық популяция- демэкология. Экологиялық бірлестік- синэкология. Экологиялық жағдай және адам денсаулығы. Тұрақты даму концепциясы. Тұрақты даму аспектілерінің бірі табиғи ресурстары және табиғатты тиімді пайдалану. Биосфераның тұрақсыздануына әсер ететін антропогендік факторлар. Қазіргі заманғы әлеуметтік-экологиялық мәселелері және тұрақты даму. Табиғатты қорғау және тұрақты даму. Табиғатты ұтымды пайдалану және қоршаған ортаны қорғаудың теориялық негіздерін құру- тұрақты дамуға көшудің міндетті шарттарының бірі. Қазақстан ресубликасының	ЖМП	В	МК	2	Е

						тұрақты дамуының өзекті экологиялық мәселелері. Қоршаған ортаны қорғау аймағындағы Қазақстан Республикасының заңдылықтары. ҚР- дағы халыққа экологиялық білім беру және тәрбие беру.					
				3	МЕ 1213	**Экономикалық теория** Экономикалық теория пәні және әдістері. Экономикалық теорияның қоғам дамуындағы орны мен ролі. Қоғамдық өндірістің негіздері. Қоғамдық өндірістің түрлері. Сұраныс пен ұсыныс теориясының негіздері. Жеке- дара ұдайы өндіріс теориясының негіздері. Кәсіпорын капиталының (қорларының) айналымы және толық айналымы. Кәсіпорынның (фирманың) шығындары мен абысы. Өндіріс факторларының нарығы және факторлық табыстардың қалыптасуы. Ұлттық экономика жүйе ретінде. Макроэкономикалық тепе- тендік. Экономикалық дамудың ауытқымалы болуы макроэкономика заңдылығы ретінде. Жұмыссыздық пен инфляция экономикалық тұрақсыздықтың көрінісі ретінде. Экономикалық саясаттың негізгі бағыттары. Экономикалық өсу. Экономикалық теорияның халықаралық аспектілері.	ЖМП	В	МК	2	Е	
ОМ-3 Кәсіби тілді дайындау модулі												
Кәсіби тілді дайындау модулі	*Түсіне білуі тиіс: мәдени байланыс қызметінде тілдерді пайдалану әдістері мен пайдалану жүйесін, кәсіби қызметтің терминологиялық жүйесін. Білуі тиіс:* оқылатын тілдің лексикасы мен фразеологиясын, грамматикасы мен орфографияны, кәсіби бағытта тілдің айналымын. *Жасап білуі тиіс: байланыстың әртүрлі саласында жағдайға байланысты икемді білу, айлау қабілетіне тілдік құралды қолдану, диалог құрау.* монолог. *Дағдылану: әртүрлі*	16	24	1, 2	К(R)Ya 1107	**Қазақ (орыс) тілі** Жай сөйлем. Интонация. Екпін. Бөгде сөз. Сұрау мәнді сөйлем. Болымсыздық категориясы. Сан- мөлшер категориясы. Анықтауыштық қатынас. Меншік мәнді сөйлем. Көмекші есімдер қызметі. Қимыл есімдер қызметі. Міндет, жауапкершілік мәнді сөйлем. Тыйым мәнді сөйлем. Етістік категориясы. Есімше категориясы. Етіс категориясы. Көмекші етістік. Көсемше категориясы. Бұйрық мәнді сөйлем. Өтініш, тілек мәнді сөйлем. Шарт мәнді сөйлем. Білік, дағды мәнді сөйлем. Қалау мәнді сөйлем. Мезгіл мәнді сөйлем. Ниет мәнді сөйлем. Болжау мәнді сөйлем. Мақсат мәнді сөйлем. Қарсылық мәнді сөйлем. Себеп-салдар мәнді сөйлем. Мемлекет әлеуметтік- географиялық орны, ерекшелігі. Ел басқару жүйесі. Президент. Парламент Үкімет. Сот. Ұлттық қауіпсіздік. Қарулы күштер. Құқық қорғау органдары. Экономика. Ішкі және сыртқы сауда. Ақша- кредит саясаты. Банк жүйесі. Ұлттық валюта. Халықаралық ынтымақтастық. Халықаралық ұйымдар. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтары. Адам құқықтары мен бостандықтары. Отбасы. Неке. Баспана. Бала тәрбиесі. Білім. Кәсіби бағдар. Оқу орындары. Еңбек демалысы. Денсаулық.	ЖМП	А	МК	6	Е	мәдени ойлау қабілеті мен жоғарыбілімді тұлға қалыптастыруда базалық білімді қамтыған, кәсіби шетел тілінде сөйлесуге қабілетті, ана тілінде ауызша және жазбаша формада жазуға қабілетті.

	жанрдағы ғылыми текст құрастыру, аннотация, рефераттар, библиография, қысқаша дәріс жазу. Құзыреттілік: тіл құралдарымен ғылыми көзқарасты қалыптастыру, этикалық қағидалар мен тілге деген құрмет, елдің тарихы.				Медициналық қызмет. Халық медицинасы. Салауатты өмір салты. Спорт кешенлері. Ұлттық спорт. Атақты спортшылар. Тағамтану. Ұлттық тағам. Мейрамхана бизнесі. Жеке кәсіпкерлік. Шағын және орта бизнес. Іскер адамдар. Ғылым және инновациялық технология. Танымал ғалымдар. Ар- ождан бостандығы. Дін және діни таным. Діни мерекелер. Ұлттық салт- дәстүрлер. Тіл. Мәдениет. Өнер. Өнер шеберлері. Өнегелі ғұмыр: тарихи тұлғалар. Табиғи ресурстар. Су ресурстары. Қазба байлық ресурстары. Жануарлар мен өсімдіктер әлемі. Қызыл кітап. Қорықтар мен ұлттық парктер. Экологиялық мәдениет. Ұлттық экомәдениет. Сән әлемі. Дизайн. Ұлттық киім. Ұлттық ою- өрнек. Сәулет және құрылыс өнері. Көне және заманауи ескерткіштер. Ғарыш әлемі. Ғарыш айлағы және ғарышкерлер.Көлік тасымалы-логистика. Байланыс. Туризм индустриясы. Қонақ үй бизнесі. Халықаралық, мемлекеттік атаулы күн, мерекелер. Ұлттық мейрамдар. Мемлекеттік және халықаралық сыйлықтар мен стипендиялар. Қайырымдылық қорлар мен бағдарламалар. Бұқаралық ақпарат құралдары. Ғаламтор жүйесі.					
			1, 2	ҒҮа 1109	**Шетел тілі** Әлеуметтік – тұрмыстық қарым- қатынас аясы. ААлғашқы байланыстар. Қазіргі қоғамдағы жаңұя. Қазіргі тұрғын үй. Тағам. Киім. Адамның сырткы келбеті. Денсаулық. Спорт және салауатты өмір салты. Әлеуметтік- мәдени аясы (ауқымы). Қалалар мен елдер. Мерекелер. Салт- дәстүрлер. Әдет- ғұрыптар. Кино, театр, музыка. Қоршаған орта. Кәсіби- оқу қарым- қатынас асы (ауқымы). Мамандық таңдау. Оқу. Коммуникативтік әрекеттің продуктивтік түрлерін үйретуге қойылатын талаптар. Сөйлеу. Диалог сөз. Монолог сөз.	ЖМП	А	МК	6	Е	
			5	РК(R)Уа 2208	**Кәсіби қазақ (орыс) тілі** Формирования профессионально- ориентированной языковой компетенции в заданных профессиональных ситуациях. Юридическая терминологиа в контексте таможенного права как основа профессионального обшения. Юридический дискурс в контексте таможенного права. Культура речи. Понятие, еистема и источники таможенного права7 Таможенные правоотношения и нормы. Субъекты таможенного права. Формы деятельности таможенных органов. Ответственность по таможенному праву. Правовое регулирование перемещения через таможенную границу товаров и транспортных средств. Правовое регудирование таможенного оформления и таможенного контроля. Таможенно-тарифное регулирование и взимание таможенных платежей.	БП	А	МК	2	Е	

				6	P-oIYa 2210	**Кәсіби бағытталған шетел тілі** Тіл және сөйлеу. Сөйлеудің формалары мен түрлері: ауызша және жазбаша. «Кәсіби тіл» және «кәсіби сөйлеу» ұғымдары. Заң мәтіні жазбаша кәсіби сөйлеуге үйретудің бірлігі ретінде. Заң мәтінін (заң, бап, ескерту) логикалық тұрғыдан құру. Заң мәтінінің тілдің ерекшеліктері. Заң мәтіндеріндегі орфография және пунктуация. Заң мәтінінің грамматикаық және синтаксистік нормалары. Функционалдық стильдер, кітаби стиль және ауызекі сөйлеу стилі. Тіл стильдері және сөйлеу стильдері. Заң шығарушы ресми стиль. Клише (тілдік стандарттар). Ғылыми стильдегі мәтіндермен жұмыс (аңдатпа, рефераттау, конспектілеу). Ғылыми мәтінді мазмұндау құрылымы және рәсімдеу ережелері. Ресми іскерлік заң құжаттары (кедендік рәсімдеу, декларация және т.б.). Мтіннің лексикалық деңгейі. Лексика түрлері: жалпы қолданыстағы, жалпы ғылыми, терминологиялық лексика, маргиналдық лексика (жаргон, арго). Жалпы және арнаулы құқықтық терминология. Заң мәтініндегі терминдер. Заң терминдерінің жіктелімі. Құқықтық ұғымдар мен категориялар, олардың ғылыми анықтамалары. Тіл мәдениеті ұғымы. Кәсіби мәдениет. Кәсіби мазмұндағы монологтік айтылым. Кеден органдары қызметшісінің кәсіби сөйлеуіне қойылатын талаптар: жүйелілік, логикалылық, дәлемдемелік, тазалық, сөз байлығы, мәнерлігі. Кеден органдары қызметшісінің сөйлеу техникаы (дикция, интонация, сөйлеу ырғағы мен қарқыны және т.б.). Кеден органдары қызметшісі мен аудитория қарым- қатынасының тілдік әдістері. Кеден органдары қызметшісінің сөйлеу имиджі. Сөйлеуге дайындық әдістемесі. Дәлелдемелердің басты түрлері, материалды іздеу әдістері. Сөйлеу кезіндегі пікір алмасудың рөлі. Дауласу мәдениеті. Дауды жүргізудің негізгі формалары. Пікірсайысты жүргізу ережелері.	БП	А	МК	2	Е	
МС-4 Негізгі құқықтық құзырет модулі												
Негізгі құқықтық құзырет модулі	*конституциялық құқық ғылымының негізгі теориялық жағдайларымен танысып, адам және азаматтық құқықтың жағдайының негіздері, мемлекеттік билік органдар жүйесі мен Қазақстан Республикасындағы сайлау*	**16**	**26**	1	КР 1202	**Қазақстан республикасының конституциялық құқығы** Қайнар-көздері және жүйесі. Қазақстан Республикасының конституциялық құқықтағы ұлттық құқық жүйесінің саласы ретінде. Қазақстан Республикасының конституциялық дамуы. 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы. Қазақстан Республикасы – демократиялық, егеменді, тәуелсіз мемлекет. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымы. Қазақстан Республикасындағы адам және азаматтың құқықтық жағдайы. Қазақстан Республикасының сайлау құқығы және сайлау үрдісі. Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық-құқықтық	БП	А	МК	2	Е	студенттердің юридикалық ойлауын, кәсіби құқықтық санасын және жоғары құқықтық мәдениетін қалыптастыру; қазіргі кездегі мемлекеттік-

құқығы мен сайлау жүйесінің тәртібінен хабардар ету; *конституциялық құқықтың негізгі институттарын, Қазақстан Республикасының Конституциясының нормаларын қолдана білуі керек;* *монографиялық әдебиеттерді, ғылыми мақалаларды, Қазақстан Республикасының ресми басылымдарында жарияланым жатқан заңдар мен басқа да нормативтік құжаптармен танысып, талдау жасап отыру керек.* мемлекет, бұқаралық (жариялық) билік, егеменділік, баекару нысаны, мемлекеттің ішкі және сыртқы функциялары, унитарлық және федералдық, мемлекет механизмі, құқықтық мемлекет, объективтік құқық және субъективтік құқық, құқықтық сана, құқықтық мәдениет, заңдық дерек сияқты ұғымдардың мәнін білуі керек; мемлекеттік – құқықтық оқиғаларда дұрыс бағдар ұстана білу, оларға баа беру, заң нормаларын талқылау, құқықтық ұйғарымдарға сәйкестік (сәйкес емес) тұрғысынан адамдардың әрекеттері мен			мәртебесі. Қазақстан Республикасы Парламенті қызметінің конституциялық-құқықтық негіздері. Қазақстан Республикасы Үкіметі қызметінің конституциялық-құқықтық негіздері. Қазақстан Республикасындағы конституциялық бақылаудың негіздері. Қазақстан Республикасында сот төрелігінің конституциялық негіздері. Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқарудың және өзін-өзі басқарудың конституциялық-құқықтық негіздері						құқықтық құбылыстар жайлы білімдерге жетелеу, оның типтері, нысандары және функциялары туралы, мемлекеттің механизмі және құқықтық реттеудің сатылары туралы, адамның құқықтары мен бостандықтары және оны қамтамасыз ету мен қорғаудағы заңның орны жайлы үйрету; мемлекеттің кейбір нормативтік актілерінің жобаларын жағымды жақтары мен жетіспеушіліктерін көрсете отырып, соңғыеын жою туралы ұсыныстарын енгізе отырып құру; студенттердің ғылыми конференциялары мен үйірмелеріне рефераттар мен баяндамалар әзірлеу; курстық және бітірушілік жұмыстар жазып,
1	TGPi106	**Мемлекет және құқық теориясы** Мемлекет және құқық теориясы ғылым және оқу пәні ретінде.Мемлекет және құқық теориясының пәні мен әдістері. Мемлекет және құқық теориясы юридикалық ғылымдар жүйесінде. Қоғам және мемлекет. Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет. Мемлекет түсінігі, мәні, функциялары. Мемлекеттік билік және мемлекет механизмі. Мемлекет типологиясы. Мемлекет нысандары. Мемлекет, құқық, тұлға. Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет. Құқықтың түсінігі, мәні және әлеуметтік тағайындалуы. Қоғамда құқықтың өзге әлеуметтік нормалармен өзара әрекеттесуі. Құқық түсінушіліктің негізгі концепциялары. Құқық нормалары және нысандары (қайнар көздері). Құқықтық жүйе, құқық жүйесі және заннама жүйесі. Қазіргі заманғы құқықтық жүйелер. Құқықшығармашылық және нормативтік құқықтық актілерді жүйелеу. Заң техникасы. Құқықты іске асыру және қолдану. Құқық нормаларын талқылау. Құқықтық сана және құқықтық мәдениет. Құқықтық қатынастар. Құқыққа еай жүріс-тұрыс, құқық бұзушылық, заңды жауапкершілік. Заңдылықты және құқықтық тәртіпті нағайту жолдары. Құқықтық реттеу механизмі. Тәжірибелік (семинар) және лабораториялық сабақтарының үлгі тізімдері. Курс жұмысы жобаларының үлгі тақырыптары. Ұсынылатын әдебиеттер тізімдері. Үлгі оқу бағдарламасының авторлары.	БП	А	МК	2	Е	
3	АР 2203	**Қазақстан республикасының әкімшілік құқығы** Басқарудың жалпы түсінігі. Мемлекеттік басқару және атқарушы билік. Әкімшілік құқықтың пәні, әдістері, қағидалары, функциясы. Әкімшілік –құқық нормалары. Әкімшілік құқықтық қатынастар. Әкімшілік құқықтың қайнар көздері. Атқарушы билік органдары. Атқарушы билік органдарының жүйесі және құрылымы. Әкімшілік құқықтың субъектілері. Азаматтар, заңды тұлғалар және қоғамдық бірлестіктер, әкімшілік құқықтың субъектілері ретінде. Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік қызметшілер. Мемлекеттік басқарудың нысаны және әдістері. Әкімшілік мәжбүрлеу және оның түрлері. Әкімшілік іс жүргізу. Әкімшілік – рәсімдеу өндірісі. Әкімшілік жауапкершілік және әкімшілік құқықбұзушылық. Әкімшілік құқықбұзушылықтар істері бойынша іс жүргізу. Мемлекеттік	БП	А	МК	3	Е	

	қимылдарын талдай білуі керек; ҚР азаматтық заңнамасы жүйесі туралы, оның қағидалары, міндеттері мен құрылымы туралы көзқарасы, азаматтық заңнама тарихы туралы білім және оны болашақта жетілдіру туралы ой- пікірі, азаматтық құқық теориясы мен азаматтық заңнамадағы білімін пайдалану қабілеттілігі, болашақ кәсіби қызметінде, соның ішінде шетел элементімен қиындатылған құқық қатынастарында тәжірибелік істерді шешу кезінде азаматтық құқық нормаларын қолдана бәлу қажет.				басқару саласын заңдылық пен және тәртіппен қамтамасыз ету. Әкімшілік-құқықтық режимдер. Экономиканы, әлеуметтік – мәдени және әкімшілік – саяси саланы басқару.						оларды оқытушылар мен комиссия алдында жария қорғай білу.
			3	GP 2204	**Қазақстан республикасының азаматтық құқығы** Азаматтық құқықтың түсінігі, пәні, әдістері, жүйесі. Қазақстан Республикасының азаматтық құқық қайнар көзі. Азаматтық-құқықтық қатынастар. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру және қорғау. Азаматтар азаматтық құқықтың субъектісі. Заңды тұлғалардың англо-саксондық құқық жүйесіндегі ерекшеліктері. Мемлекеттің азаматтық құқықтағы құқықеубъектілігінің ерекшеліктері. Азаматтық құқықтың объектілері. Азаматтық құқықтағы мәмілелер. Өкілділік. Сенімхат. Азаматтық құқықтағы мерзімдер. Заттық құқық. Менші құқығы. Ортақ меншік құқығы. Меншік құқығы мен басқа да заттық құқықтардың пайда болуы және тоқтатылуы. Меншік құқығын және өзге де заттық құқықтарды қорғау. Міндеттеменің ұғымы мен мазмұны. Міндеттемедегі тараптар. Міндеттеменің орындалуы. Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету. Міндеттеменің тоқтатылуы. Шарттың ұғымы және жағдайлары. Шарт жасасу, өзгерту және бұзу. Меншікке немесе өзге заттық құқыққа мүлік беру бойынша міндеттемелер. Сатып алу-сату шартының жалпы ережелері. Бөлшектеп сатып алу-сату шарты. Тауар жеткізілімі. Келісім-шарт жасасу. Энергиямен жабдықтау. Айырбас. Сыйға тарту. Рента. Мүлікті уақытша иеленуге және пайдалануға беру бойынша міндеттемелер. Мүлікті жалдау туралы жалпы ережелер және оның жекелеген түрлері. Жұмысты орындау бойынша міндеттемелер. Мердігерлік шарт туралы жалпы ережелер. Тұрмыстық мердігерлік. Құрылыс мердігерлігі. Ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарды орындау. Қызмет көрсету бойынша міндеттемелер. Өтелмелі қызмет көрсету. Тасымалдау. Көлік экспедициясы. Заем. Факторинг. Банктік қызмет көрсету. Есеп айырысу міндеттемелері. Сақтандыру. Тапсырма. Комиссия. Сақтау. Мүлікті сенімгерлікпен басқару. Франчайзинг. Конкурстық міндеттеме. Шарттан тыс міндеттемелер. Интеллектуалдық меншік құқығы. Мұрагерлік құқық. Халықаралық жеке құқық.	БП	В	МК	3	Е	азаматтық заңнама жөнінде мәлімет алу; азаматтық заң нормаларын тәжірибе жүзінде қолдана білуді үйрену; болашақ маман-заңгерлерде азаматтық қатынастар саласында мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау қабіеттіктерін қалыптастыру;
